

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОҒИ

7M01601 - Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды дайындау (Тарих- Тарих біліміндегі цифрлық технологиялар)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	35
1	<p>Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс: тарихты құжаттық материалдар негізінде оқыту әдістері</p> <p>1916 жылғы көтерілістің тарихының методологиялық мәселелері. Тарихи деректер көтерілістің алғышарттары барысы жөнінде. Ұлт зиялыларының 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қызметі мен ұстанымдары. 1916 жылғы көтерілістің өңірлік ерекшеліктері. Жетісулық көтерілісшілердің Қытай жеріне асуы және оларды тарихи Отанына қайтару шаралары. 1916 жылғы көтеріліс айтылған тарих деректеріндегі көрінісі. 1916 жылғы көтеріліс және тарихи жад.</p>	5
2	<p>Қазақстанның қазіргі заман тарихының деректануы: теория және практика</p> <p>XX – XXI ғғ. басындағы деректердің қалыптасу ерекшеліктері. Кеңестік дәуір деректерін жаңаша интерпретациялау мәселесі. Кеңестік дәуірдің заңдары және нормативтік актілері. Статистика: КСРО мен ҚР. Қазіргі заман тарихи деректерін талдау: методология, методика және техника. Кино, фото, фонодеректер. Естеліктер, мемуарлар. Сот-тергеу және түрме-лагерь құжаттары.</p>	5
3	<p>Архив құжаттары контексіндегі тарихи текстология</p> <p>Мәтінді ретроспективті ақпарат көзі ретінде анықтауға қатысты теориялық мәселелер, тарихи мәтіннің негізгі ұғымдары талданады. Тарихи құжаттардың ерекшелігі, трансформациясы, жаңа архивтік ойлау ерекшеліктері қарастырылады. Тарих ғылымындағы мұрағаттық басымдықтардан алыстау үдерісі, мұрағат мәселесі және жаңа әлеуметтік тарих. Тарихи мәтінді түрлі тарихи және қосалқы пәндермен байланыстыру.</p>	5
КП 2	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	49
II	Компонент по выбору	20
1.	<p>Тарихты оқытудағы E-Learning технологиясы</p> <p>Пәнге кіріспе. Электронды оқыту (e-Learning): негізгі түсініктердің сипаттамасы. Педагогикалық қызметтегі электронды оқыту принциптерін қолдану. Тарихты оқытудағы e-Learning-ті қолданудың шектеулігі мен артықшылықтары. Тарихты оқытудағы электронды оқыту әдісінің классификациясы. Тапсырмалардың түрлері. Вебинарды ұйымдастыру, форумдағы дискуссия, интерактивті қосымшалармен жұмыс, дерек қорының көздерін құру</p>	5
2.	<p>Тарихтың виртуалды лабораториясы: мазмұны, технологиялары және оқыту әдістері</p> <p>Тарихтағы виртуалды лаборатория: негізгі түсініктердің сипаттамасы. Тарих пәндерін меңгерту әдісі және инновациялық компьютерлік оқу құралы жүйесіндегі виртуалды лаборатория. Виртуалды лаборатория құрудың теориялық негіздері. Тарихи пәндер үшін инновациялық компьютерлік дидактикадағы оқу әдістемелік материалдарының түрлері</p>	5

3.	Цифрлық мұрағаттар мен кітапханалар моделі: отандық және шетелдік тәжірибелер	5
	Цифрлық құжаттар мен архивтер жұмысының заңдық-нормативтік базасы. Толық мәтінді ақпараттық жүйелер, оларды цифрлық архивтерге пайдалану. ҚР және шетелдік цифрлық мұрағаттары. Цифрлық қ архив жасаудың қазіргі технологиялары. Құжаттарды цифрлау цифрлық архив жасау кезеңі. Цифрлық кітапханаларды жинақтау технологиясы мен әдістері. Цифрлық кітапханалар жасаудың құқықтық негіздері. Орта білім беретін мекемелердегі кітапханалардың қазіргі моделі.	
4.	Айтылған тарих және медиа технологиялар	5
	Айтылған тарих: қазіргі заман тарихының мәселелерін зерттеу әдістерінің сипаттамасы. Тарихи сұқбат жүргіздің әдістемесі мен типологиясы. Тарихи сұқбатты транскрипциялау әдістемесі. Тарихи зерттеулерде медиатеchnологияларды қолданудың ерекшеліктері. Интернет және Айтылған тарих. Тарихи сұқбаттарды интернеткеңістікте орналастыру.	
5.	Зерттеу практикасы	9
	Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен танысу, тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу практикасының мақсаты: кәсіби білімді жүйелендіру, кеңейту және шоғырландыру, магистранттарға өзіндік ғылыми жұмыс, зерттеу және эксперимент жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	